

Қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
мұғалімдерінің
пәндік
құзыреттіліктерін
дамыту
мүмкіндіктері



Курс Бағдарламасы қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту мәселесін және тілдің функционалды жағын қарастыратын әлеуметтік лингвистика саласын қамтитын тақырыптарды қарастырады.

Курстың оқыту ұзақтығы Бағдарламаға қосымша берілген оқу жоспарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды

Бағдарламаның мақсаты: мектепте оқу процесін жетілдіруге бағытталған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқыту саласындағы пәндік құзыреттілікті қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) қазақ тілін оқытуда әдіснамалық негіздердің мазмұны мен құрылымын білу және түсіну деңгейін қамтамасыз ету;
- 2) оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ тілін және әдебиетін оқыту бойынша мұғалімнің практикалық тәжірибесін, пәндік білімін тереңдету;
- 3) Тыңдаушылардың пәндік мәнмәтінде тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдылары бойынша білімдерін кеңейту;
- 4) грамматикалық құрылымдарды пайдалану, грамматикалық және лексикалық тапсырмаларды орындау үшін қажетті белгілі бір дағдылар мен біліктерді қалыптастыру;
- 5) оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру дағдылары мен біліктілігін жетілдіру;
- 6) оқу мақсатына, оқу міндеттеріне, оқушылардың білім деңгейінің дәрежесіне, мәтіннің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты талдау жүргізу тапсырмаларын әзірлеу дағдылары мен біліктерін дамыту.



Оқу нәтижелері:

Тыңдаушылар

- 1) қазақ тілін оқытуда әдіснамалық негіздердің мазмұны мен құрылымын біледі және түсінеді;
- 2) пән мазмұнын оқу бағдарламасының талаптарына сай іске асырады;
- 3) жеке тәжірибесінде тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдылары бойынша оқушылармен жұмыс жүргізу шеберліктерін жетілдіреді.
- 4) грамматикалық құрылымдарды пайдалану, грамматикалық және лексикалық тапсырмаларды орындау үшін қажетті белгілі бір дағдылар мен біліктілігін қалыптастырады;
- 5) оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру дағдыларын мен біліктерін жетілдіреді;
- 6) оқу мақсатына, оқу міндеттеріне, оқушылардың білім деңгейінің дәрежесіне, мәтіннің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты талдау жүргізу тапсырмаларын әзірлеу дағдылары мен біліктілігін дамытады.

Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

	Модуль атауы	Қысқаша сипаттамасы
1	Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы	Бұл модульде тыңдаушылар Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқытуда ұсынған қағидаларды және ол қағидалардың қолданыстағы оқу бағдарламасында көрініс тапқан тұстарын зерделейді. Әлеуметтік лингвистика құбылыстарына тоқталып тілдің функционалды жағын қарастырады. Қазақ әдебиеті сабағында көркем мәтінге талдау жасауды меңгереді.
2	Қазақ тілін оқытудың әдістері мен тәсілдері	Модуль мазмұны тілді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерделейді. Б.Құлмағанбетова, С.Қазыбаев, Ә.Исабаевтың әдістемесі бойынша тілді оқытудың негізгі ұстанымдарын қолданыстағы бағдарлама мәнмәтінінде қарастырады. Тыңдаушылар практикалық тапсырмаларда саралау тәсілдерін тиімді қолдану және іске асыру дағдысын жетілдіреді.
3	Әдеби тіл нормаларын сақтау	Бұл модульде тыңдаушылар грамматиканы коммуникативті аспектіде оқыту мәселесін зерделейді. «Әдеби тіл нормасын сақтау» оқу мақсаты бойынша жұмысты тілдік дағдылармен үйлестіре отырып ұйымдастыру жолдарын меңгереді. Мәтінді қайта өңдейді, түзетеді, редакциялайды.
4	Мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру	Модуль бойынша тыңдаушылар мәтіннің түрлерін зерделейді. Мәтін бойынша ұйымдастырылатын барлық жұмыс түрлерін қарастырады. Оқылым стратегияларын қолдану жолдарын меңгереді. Мәтінмен жұмыс түріне арналған тапсырма әзірлеу шеберлігін жетілдіреді. Мәтін түрлеріне сәйкес қарапайым, күрделі, тезистік жоспар құрады.

Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

	Модуль атауы	Қысқаша сипаттамасы
5	Жазылым жұмыстарын ұйымдастыру	Бұл модульде тыңдаушылар оқу бағдарламасына сай жазылым жұмыстарын түрлі формада ұсыну жолдарын зерделейді. Жазылым бөліміндегі оқу мақсаттарына сай сабақты ұйымдастыру, жоспарлау шеберліктерін жетілдіреді. Құрылымын сақтай отырып, мақала жазады.
6	Эссе жазу	Бұл модульде тыңдаушылар эссенің құрылымын, оны жазу талаптарын зерделейді. Оқушыларға эссе жазуды дағдыландыру сабақтарын ұйымдастыру тәсілдерін меңгереді. Құрылымын сақтай отырып, эссе жазады.
7	Әдеби талдау	Модуль оқу бағдарламасына сай әдебиет сабағында ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін қарастырады. Тыңдаушылар поэзиялық шығармаларды автор тұрпаты тұрғысынан талдайды; прозалық шығармаларды талдаудың кейбір қадамдарын қарастырады. Әдеби сын жазуға арналған оқу мақсаты бойынша жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдарын зерделейді.
8	«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны	<p>Бұл модульде тыңдаушылар «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау үлгісінің практикалық қолданысын қарастырады. «Қазақ әдебиеті» пәнінен эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдайды.</p> <p>Пән бойынша мұғалімдердің оқытуына қиындық туғызатын оқу мақсаттарын зерделейді, оларды оқыту үдерісінде тиімді ұйымдастыру дағдыларын жетілдіреді.</p>

Бағдарлама тақырыптары

1. Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы. А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтың жалпы лингвистикалық ілімдері. Р. Сыздықова, Б. Шалабаев. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау
2. **Оқыту мен оқу**
 - Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудағы педагогикалық тәсілдер. Білім берудің заманауи трендтері: жеке тұлғаға бағдарланған оқыту
3. **Әдеби тіл нормаларын сақтау**
 - Грамматиканы коммуникативтік аспектіде оқыту. Айтылым кезінде сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу. Жазылым жұмыстарында стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу. Жазылым жұмыстарында тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу
4. **Мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру**
 - Мәтін. Мәтін түрлері. Оқылым стратегиялары. Әртүрлі стильдегі мәтіндер. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау. Әртүрлі жанрдағы

Бағдарлама тақырыптары

5. Жазылым жұмыстарын ұйымдастыру

Жоспар құру (қарапайым, күрделі, тезистік). Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну. Компрессия. Жинақы мәтін

6. Эссе жазу

Эссе құрылымы. Эссе түрлері. Сипаттап /суреттеп жазу. «Келісу, келіспеу» эссесі. Дискуссивті эссе. Аргументативті эссе. Әдеби эссе

7. Әдеби талдау

Көркем шығарманы талдау. Әдеби сын.

8. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны

Көркем шығармадағы композицияның түрлері мен элементтерін талдау үлгілері. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бойынша бөлімдердегі оқу мақсаттары

8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау

Сабақтың мақсаттары:
сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген; сабақ мақсаттары пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған; сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында құрастырылған.

Белсенді оқу әдістері:
әдістерді таңдау пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған; әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді; әдістер оқушыларды оқуға тартуға бағытталған.

Саралау әдістері:
тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктерін есепке алып сараланған; саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау т.б.); саралау әдістері әрбір оқушыға оқу мақсаттарына жетуге ықпал жасайды.

Критериалды бағалау:
бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді; қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды; бағалау критерийлері мен тапсырмаларға дескрипторлар қолданылады.